

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Қазіргі кезде еліміздің саяси, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, экономикалық, білім беру саласында өзекті мәселелер аз емес. Соның ішінде білім беру саласында өзекті мәселелердің негізгілері: мектеп тәжірибесіне инновациялық технологияларды қолданудың қандай да бір жетістікке жету критерийлерін анықтамай жатып, жүйесіз енгізу; мектепте оқушылар мен педагогтардың физикалық және психологиялық денсаулығын жақсарту жағдайымен санаспау; оқушылар арасында қарапайым функционалды сауаттылықтың болмауы; білім сапасын бағалау жүйесінің оқушы қажеттілігін қанағаттандырмауы;

Бұл туындап отырған көкейкесті мәселелерді шешу мақсатында елімізде түрлі реформалар жүргізілуде. Соның бірі – орта білім мазмұнын жаңарту аясында дайындалған оқу бағдарламалары мен оны оқыту тәсілдері. Мақалада осы білім мазмұнын жаңартудың себептері мен шарттары, оқытудағы тиімділігі анықталады. Мақалада білім мазмұнын жаңартудың себептері әртүрлі қажеттіліктен, яғни біріншісі, ақпараттық технологияның қарыштап дамуы, екіншісі, оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру, үшіншісі бағалау жүйесін өзгерту қажеттілігі, төртіншісі оқытудағы жаңа тәсілдерді енгізу талабынан туындап отырғандығы нақты деректермен анықталады. Қорытындысында мектептегі білім сапасын арттырудың бір жолы ретінде әлем тәжірибелеріндегі Lesson Study-ді қолдану ұсынылады.

Түйінді сөздер: білім мазмұнын жаңарту, функционалды сауаттылық, критериалды бағалау, оқытудағы жаңа тәсілдер

АННОТАЦИЯ

Сегодня в Казахстане достаточно много актуальных социальных, культурных, экологических, экономических и образовательных проблем. Среди них можно выделить основные проблемы в области образования: бессистемное внедрение инновационных технологий в школу без критериального оценивания достижений учащихся; мало стремления улучшить физическое и психологическое здоровье учащихся и учителей; функциональная безграмотность учащихся школ; неудовлетворенность учащихся с системой оценивания знаний и др.

С целью решения этих и других актуальных проблем в стране проводятся различные реформы. Среди них с целью улучшения содержания образования средней школы можно выделить подготовку обучающихся программ и введение новых методов обучения. В статье раскрыты причины, условия и возможности обновления среднего образования.

Сегодня причинами обновления содержания среднего образования можно назвать следующие потребности: во первых стремительное развитие информационных технологий; во вторых формирование функциональной грамотности учащихся; в третьих потребность изменения критериального оценивания достижений учащихся; в четвертых фактическая необходимость внедрения новых методов обучения. В заключении статьи как один из путей улучшения качества образования и для тесной связи преподавателей средней школы и Вузов предлагается внедрить опыт мировой практики использования технологий Lesson Study.

Ключевые слова: обновление содержания образования, функциональная грамотность, критериальное оценивание, новые методы обучения

ABSTRACT

There are enough actual social, cultural, environmental, economic and educational problems nowadays in Kazakhstan. Among them it is possible to distinguish the main problems in the field of education: unsystematic introduction of innovative technologies at school without criteria estimation of achievements of pupils; there is no aspiration to improve physical and psychological health of pupils and teachers; pupils' functional illiteracy at school; a dissatisfaction of pupils with system of estimation of knowledge, etc.

For the purpose of the solution of these tasks and other actual problems in the country various reforms are carried out. For the purpose of improvement of the content of formation of high school it is possible to distinguish preparation of the training programs and introduction of new methods of training

from them. In article the reasons, conditions and possibilities of updating of secondary education are opened.

The reasons of updating of the maintenance of secondary education nowadays is possible to call the following requirements : the first prompt development of information technologies; secondly formation of functional literacy of pupils; in the third requirement of change of criteria estimation of achievements of pupils; in the fourth the actual need of introduction of new methods of training. In the conclusion of article as one of ways of improvement of quality of education and for close connection of teachers of high school and Higher education institutions is offered to introduce experience of world practice of using the Lesson Study technologies.

Keywords: improvement of education content, functional literacy, criteria estimation , new methods of learning

Елімізде болып жатқан өзгерістерге сәйкес білім беру парадигмасы да өзгеруде. Жүргізіліп жатқан өзгерістер жеке тұлғаның өзіндік дамуына мүмкіндік жасайтын жаңа жүйені қалыптастыруға бағытталуда. Соның бірі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығымен дайындалған жаңартылған білім беру бағдарламасы Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға айтарлықтай үлес қосып отыр. Биылғы оқу жылында жалпы білім беретін 30 мектепте бастауыш білім берудің жаңа МЖМБС жобасы сынақтан өткізілуде.

Орта білім беру мазмұнын өзгерту не үшін қажет? Елімізде білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі себептерінің бірі ақпарат көлемінің қарыштап өсуі деп ойлаймын. Статистикалық мәлімет бойынша, Вашингтон қаласында орналасқан әлемдегі ең үлкен кітапхана болып саналатын АҚШ-тың Конгресс кітапханасы өз тарихында соңғы 210 жыл ішінде 29 млн кітаппен, 4,8 млн картамен, 2,7 млн қолжазбамен және 57 млн манускриптпен (энциклопедия материалдары) толыққан екен. Бүгінгі күні бұл сандық ақпарат көздерінің көлемі әрбір бес минут сайын жаңарып, толығып отыратын көрінеді.

2015 жылы бар жоғы 12 айдың ішінде ақпарат көзі 92,5 миллионға жеткен. Ал ютубтан (YouTube) әр минут сайын жалпы ұзақтығы 20 сағат болатын видеоматериалдар жүктелетін көрінеді [1].

Осындай ерекше қарқынмен дамып келе жатқан ақпараттық технологияның жаңалықтарына ілесіп, оны өңдеп, дер кезінде қабылдап, меңгеру үшін мектептегі білім берудің мазмұны да жаңарып отыруы қажет. Білім мазмұнын жаңарту аймағында дайындалған бастауыштың оқу бағдарламасында қазіргі бастауыш сыныпта оқыту үдерісіне ғаламтор жаңалықтарын, смартфонды, планшетті, видеокамераны т.б. ақпарат құралдарын қолдану мүмкіндігін кеңейту мәселесі қарастырылған.

Мектеп оқушыларының оқу қызметін зерттеген Выготскийдің «жақын арадағы даму аймағы» теориясы бойынша кіші мектеп жасындағы бала өзін-өзі реттеуге қабілетті екені дәлелденген [2]. Олай болса, қазіргі заманның бастауыш сынып оқушыларына берілетін дәстүрлі білім беру стилі олардың қажеттілігін қанағаттандырмайды. Ежелгі қытай нақылында «Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал жасатсаң үйреніп аламын» деген сияқты балаларға берілетін «дайын» білім қызықсыз. Оларға білімді өз бетінше алуға, өзі үйренуге мүмкіндік жасау қажет. Демек, бастауышта білім мазмұнын жаңарту осы талаптан туындап отыр деп ойлаймын.

Соңғы жылдары педагогика ғылымына қолданбалы (прикладной) психологияның элементтері көптеп енгізілуде. Атап айтсақ, «Рефлексия», «SMART» т.б. тәсілдер психологиядағы НЛП-ға(Нейролингвистическое программирование) негізделген. Бастауышта берілетін жаңа білім беру мазмұны да осы бағытқа құрылып, өзгертілуде. Нейропсихологтардың пайымдауынша, бастауыш мектеп жасындағы балалардың миының оң жақ жарты шарының қызметі жақсы дамыған. Кіші жастағы балалар вербальды емес деректерді, айталық символдар, кесте, бейнелер арқылы берілетін мағлұматтарды жақсы қабылдайды. Бағдарламадағы пәндік білімдердің кіріктіріліп берілуі бастауыш сынып оқушысының психофизиологиялық ерекшелігіне сәйкес құрылып, әлемді тұтас қабылдауына

бағытталған. Демек, оқушыға бір пәнде алған білімін басқа пәнде пайдаланып, өз білімін толықтыруына мүмкіндік беріледі.

Білім мазмұнын жаңарту Қазақстандағы білім беру жүйесін әлемдік стандартқа сәйкестендіру үшін он екі жылдық білім беруге біртіндеп көшу қажеттілігінен туындап отыр. Дүниежүзінің көптеген елдерінде АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канадада, Германияда, Жапонияда т.б. мектепте жалпы орта білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл. Осыған байланысты біздің елімізде де 2016-2017 оқу жылынан бастап орта білім мазмұнын толық жаңартуды кезең-кезеңмен енгізілу жоспарланып отыр.

Білім мазмұнын жаңарту қажеттілігі оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру мәселесімен де байланысты. Функционалды сауаттылық оқушының оқу әрекетіне байланысты туындаған проблемаларды шеше білу қабілеттілігі деген сөз. Бастауыш сыныпта оқыту мен білім беру мазмұнын құруда олқылықтар бар екендігі әр төрт жыл сайын өтетін халықаралық зерттеудің (TIMSS) нәтижелерінен де байқалып жүр. TIMSS-2011 зерттеулерінде функциональдық сауаттылықты анықтауға берілген тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының мектепте алған білімін өз тәжірибесінде қаншалықты қолдана алатындығын, өмірде кездесетін қарапайым мәселелерді қалай шеше алатындығын тексеруге арналған. Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығының жүргізген зерттеу қорытындысы бойынша TIMSS - 2011 зерттеуінде ғылыми жаратылыстану циклындағы халықаралық тест тапсырмаларына Қазақстанның оқу бағдарламасының 24% сәйкес келмейтіндігі, 4 сыныптың «Математика» блогындағы құрылымдық бағалау тапсырмаларының 33% сәйкес келмейтіндігі анықталған. Құрылымдық бағалау және қазақстандық бастауыш мектептің оқу бағдарламасын салыстыру барысында бірқатар айырмашылықтардың бары анықталған. Зерттеу қорытындысы бойынша қазақстандық мектептік білім берудің мазмұны артық «теорияландырылуымен» сипатталады деп көрсеткен [3]. Байқалған кемшіліктердің орнын толықтыру мақсатында енгізілген жаңа бағдарламада оқушылардың қатысымдық дағдыларын (айтылым, оқылым, жазылым т.б.) жетілдіруге, проблема шешуге, оқу әрекетінде зерттеу жүргізуге, келешекте алған білімін басқа жағдайда қолдануға үйрететін білік-дағдыларды қалыптастыру қарастырылған.

Осы халықаралық зерттеуде білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішке ие болған Финляндия, Гонконг, Сингапур, Корея т.б. елдерінің бастауыш мектептерінде «Жаратылыстану» кіріктірілген пән ретінде оқытылады. Пән мазмұнына биология, география, физика, химия, денсаулықты сақтау жөнінде күтімдер туралы материалдар енгізіледі. Осы елдердің оқыту мазмұны мен оқыту тәсіліндегі озық идеяларға сүйеніп, бастауышта «Жаратылыстануды» оқытудың бағдарламасы жасалынып, эксперименттік сыныптарда оқытылуда.

Оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында функциональдық сауаттылықтың үшінші тетігі - оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту деп көрсетілген [4].

Мектеп тәжірибесінде дәстүрлі бағалау мұғалім тарапынан жүргізіледі. Практикада қолданылып жүрген «5» балдық жүйе баланың оқуға деген қажеттілігін (мотивін) толық қанағаттандырмайды, себебі белгілі бір оқу әрекетін бағалау үшін оны орындаудың нақты талабы (критерийлері) жоқ. Сондықтан балалар көпшілік жағдайда не үшін «4» немесе «3» алғанын, мұғалім өз білімін қалай бағалайтынын түсінбейді. Бұл түсініспеушіліктің соңы баланың оқуға деген қызығушылығын төмендетуге алып келеді.

Психологиялық зерттеу бойынша бала басқалардың өзіне берген бағасын ерекше сезіммен қабылдайды. Бұл баланың психологиялық денсаулығына әсер етеді. Психологиялық зерттеулер сабақ барысында күнделікті тексеру, яғни қайталанатын бағалау үрдісі балалардың эмоциональдық көңіл-күйіне әсер ететінін анықтаған. Төмен баға балада қобалжу мен жүйке күйзелісін туғызады, оқытушы мен ата-анасы арасында қарым-қатынасты бұзады, балада өз-өзіне деген сенімсіздік («Менің шамам осыған ғана жетеді») пайда болады [5].

Соңғы жылдары педагогтар арасында осы 5 балдық жүйеге қарсы сын пікірлер айтылуда. Олардың айтатын дәлелдері мынадай:

- шын мәнінде білім 3 баллмен ғана бағаланады, себебі 1 мен 2 деген баға түк білмейді дегенді білдіреді.

- күмәнді, дүдәмал бағалар қойылады. Мысалы, 5,4,3 деген баға дарынды балаға да, орта білімі бар балаға да, мүмкіндігі шектеулі балаға да қойылады, сондықтан баға бұл жерде объективті емес.

-оқушы білімін бағалау үшін 3 баллдық шкала жеткіліксіз, сондықтан кейбір мұғалімдер кейде бағаның жанына «+», «- » деген таңба қосып жазып қояды.

Бұл 5 баллдық бағалау түрі оқушының оқыған материалды түсінгенін тексеру мақсатында қолданылады, ал қазіргі жағдайда оқушының білімді болуы ғана басты міндет емес. Сондықтан да оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі дамытуға жағдай жасау үшін, психологиялық тұрғыда (комфорт) жайлы сезіну үшін бағалау жүйесін өзгерту қажет.

Әлемде білім сапасын бағалаудың өзіндік тәжірибелері қалыптасқан. Мысалы, Ұлыбританияда цифрлік бағалаудың орнына сөздік бағалау жүзеге асырылса, Жапонияда 100 баллдық, Францияда 20 баллдық жүйе бойынша бағаланады. Ал Қазақстанда 2012 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесі енгізілгені белгілі. Осы тәжірибеге сүйеніп, бастауыш сыныптарда оқу нәтижесін бағалау жүйесін өзгерту көзделіп отыр. Бастауыштың оқу бағдарламасында әрбір пән бойынша оқу мақсаттарын шешу арқылы күтелетін нәтижелер мен табыс критерийлері белгіленген. Ал бұл әрбір оқушының күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Тоқсан соңында әр критерий бойынша алынған бақылаудан баланың білім сапасының өсу динамикасын көруге болады. Формативті бағалаудағы «жетті», «талпынды» деген бағалаулар оқушыға өз жұмысындағы қатені түсінуге, оны қайта түзетуге мүмкіндік береді. Балаларды өз-өзін бағалау үрдісіне қатыстырып, өзін-өзі жетілдіру жоғарыда көрсетілген оқушының функционалды сауаттылығына жәрдемдесетін білім, білік, дағдыларды дамытуға ықпал етеді [6].

Кез келген реформаның артықшылығы мен кемшіліктері, қиындықтары болады. Оқушы-оқушы және оқушы-мұғалім арасындағы өзара қарым-қатынас негізіндегі серіктестікті құру үшін, оқыту мен оқудың қазіргі заманауи әдістерін тиімді қолдану үшін мұғалімге үлкен шеберлік қажет. Отандық білім саласындағы жаңа мазмұн мұғалімнен тұлғалық жанашылықты, сыни ойлауды, жауапкершілікті қажет етеді. Жаңа білім мазмұнын енгізу барысында кейбір мұғалімдердің теориялық білімінің жеткіліксіздігі, жүйені енгізудегі тәжірибелік дағдылардың болмауы, енгізіліп жатқан өзгерістердің негізгі себептерін, түпкі мақсатын анық түсінбеуі, оқытудағы жаңа тәсілдерді тиімді қолдана алмауы сияқты қиындықтар кездесуі мүмкін. Осы проблеманың алдын алу мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы тәжірибені тарату жобасын іске асыру үшін педагогикалық мамандықтардың бітіруші курстарының студенттерін дайындауды жүзеге асыратын жоғарғы оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамын деңгейлік бағдарламалар негізінде оқытып, дайындады.

Оқытудағы жаңа идеялар мен жаңа тәсілдерді қолданып, үзбей іздену үстінде болу үшін әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, ЖОО оқытушылары мен мектеп мұғалімдері арасында кәсіби қоғамдастық орта құру қажет деп ойлаймын. Қоғамдастық ортаға біріккен мамандар өздерінің зерттеу барысында жинаған материалдары мен іс-әрекеттегі зерттеу деректерін талқылайды. Қазір уақытта Lesson Study Шығыс Азия елдерінде, Жапония, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерінде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда. Бұл тәсілдің тиімділігі - мұғалімдерді дамытуға ықпал ететіндігінде. Lesson Study оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында

қолданылады. Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлайды, сабақты өткізу барысында зерттелетіноқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдаланады және оның нәтижелерін зерттейді [7]. Біздің елімізде де ЖОО-дағы педагог-ғалымдар мен мектеп мұғалімдері бірігіп осылайша жинақталған деректерді талдап, нәтижелерін жинақтап, талдайтын болса, байқалған кедергілердің себептері мен шешу жолдарын мұқият зерделейтін болса, онда отандық педагогика ғылымының өзіндік зерттеу лабораториясы құрылып, жаңа бағыт алып, дамуына мүмкіндік болар еді деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Cisco Дэйв Эванс «Как оседлать лавину информации» <http://www.cisco.com/web/UA/about/news/2010/07202010a.html>
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. 1934.
3. Қазақстанның жалпы білім беретін мектептердің 4 және 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудың ғылыми зерттеу нәтижелері. Ұлттық есеп.-Астана: ҰББСО, 2013.http://www.edu.gov.kz/sites/default/files/nac_otchet_timss_2011_kaz.pdf
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>)
5. Цукерман Г.А. Оценка без отметки. М.-Рига: Педагогический центр «Эксперимент», 1999.
6. Формативное оценивание в обучении: SMART-цели и критерии успешности. /Котова Н.В., Ильясова Д.С., Журба Л.В., Пазылова Г.Ш., Рахымжанова Б.К. –Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. – 42 с.
Pete Dudley Lesson Study: Нұсқаулық(www.lessonstudy.co.uk)

Беккулиева Әйгерім Сейітбекқызы

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласы

МУЗЕЙ ЖӘНЕ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

АННОТАЦИЯ

Мақалада музей – ғылыми-зерттеу ғана емес, мәдени білім беру мен ағарту мекемесі ретінде көрсетілген. Музей экспозициясы мен экспонаттары мұғалімдер үшін сабақ үрдісінде пайдалануда таптырмас құрал екендігін дәлелдейтін дәйектер келтірілген. Мақаланың басты мақсаты – интеграция арқылы патриоттық рухы асқақ, азаматтық сана-сезімі биік, рухани-адамгершілік құндылықтары жоғары тұлғаны қалыптастыруға болатынын ұғындыру. Білім беру жүйесі демократиялық сипат ала бастаған уақытта, жастарды музей экспозициясы көмегімен тәрбиелеу – ұтымды әдіс болды. Жастардың музейде тарихи талдау жасауға, сыни тұрғыда ойлауға машықтанатыны дәлелденді.

Түйін сөздер: Музей, білім мекемелері, интеграция, педагогика, музей педагогикасы, заманауи тұлға.

АННОТАЦИЯ

В статье говорится, что музей является не только научно-исследовательской организацией, но и осуществляет образовательную и просветительскую деятельность. В проведении музейных уроков экспозиция музея представляет незаменимое наглядное пособие. Основная цель данной статьи является путем интеграции воспитать молодое поколение в патриотическом духе в идеальном мире, привить высокое чувство гражданственности, формировать духовных и нравственных ценностей человека. Оптимальным решением в воспитании подрастающего поколения является правильное использование музейной экспозиции. Доказательством вышесказанного является возможность осмысливать и анализировать исторические события в музее.

Ключевые слова: Музей, учебные заведения, интеграция, педагогика, музейная педагогика, современная личность.